



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

---

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

---

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

[https://ru.espreso.tv/article/2017/11/04/v\\_kytae\\_reytyng\\_vmesto\\_grazhdan\\_budet\\_reshat\\_s\\_kem\\_dr\\_uzhyt\\_gde\\_rabotat\\_ystoryya\\_kytayskoy\\_antyutopyu](https://ru.espreso.tv/article/2017/11/04/v_kytae_reytyng_vmesto_grazhdan_budet_reshat_s_kem_dr_uzhyt_gde_rabotat_ystoryya_kytayskoy_antyutopyu)

3. Московский центр Карнеги. Система распознавания лиц. Как в Китае готовятся арестовывать за будущие преступления [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://carnegie.ru/commentary/73279>

ӘОЖ 811.531.

## **ҚАЗАҚ-КОРЕЙ ТІЛДЕРІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ)**

**Жунусова Баян Ермековна**

bayana2107@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Б.Ж.Абжаппарова

Оңтүстік Корея Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағанынан көп ұзамай, 1992 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан алғашқы мемлекеттердің қатарында болды, сол кезден бері екіжақты қарым-қатынас қарқынды дамып келеді. Екі ел арасындағы ынтымақтастық саяси, экономикалық және білім беру салаларында ерекше дамыды. Осы орайда, Қазақстан мен Корея арасындағы байланысты нығайтуға өз үлесін қосатын мемлекеттік тіл мен корей тілін жетік меңгерген аудармашылар мен тіл мамандары қажет.

Бүгінгі күні корей тілі 80 миллионнан астам адамның қарым-қатынас құралы болып табылады. Дүниежүзінің корей тілі мен мәдениетіне деген қызығушылығының арқасында көптеген елдерде корей тілін үйренуге арналған тиімді әдістемелер, оқу құралдары мен курстар құрастырылды. Дегенмен, Қазақстанда корей тілін қазақ тілінде сөйлейтін адамдарға арнап жасалған оқу бағдарламалары әлі өте аз. Жоғары оқу орындарының көп бөлігінде, тіл мектептері мен Корея Республикасы елшілігі жанында ашылған оқу және мәдениет орталықтарында корей тілі сабақтары орыс тілінде өтеді. Бірақ, қазақ тілі мен корей тілдерінің болжалды генетикалық туыстығын есепке алсақ, корей тілін оқуда екі тілді салыстыра отырып, ортақ ерекшеліктері негізінде құрылған әдістемелерді қолдануымыз қажет.

Тарихшылар мен тіл мамандарының гипотезасы бойынша корей тілі Алтай тілдер отбасына жатады. Корей тілі мен қазақ тілдерінің сыртқы лингвистикалық ұқсастықтары бұл екі тіл үшін ортақ ерекшеліктерді тереңірек зерттеуді қажет етеді. Осылайша, бұл мақаланың мақсаты –қазақ-корей тілдерінің ұқсастықтарына жалпы шолу жасап, бірнеше нақты мысалдарды қарастырудың нәтижесінде қазақ тілді оқу бағдарламасының жасалуына алғашқы қадам жасау.

Бірқатар ғалымдардың пікірінше, корей тілі Алтай ата тілінен пайда болды деп есептейді. Ресей ғылымында корей тілі шығу тегі жайлы тек болжам ғана жасауға болатын оқшауланған тіл немесе мүлдем ешқандай тіл тобына жатпайтын тіл деп саналады [1, 240 б.]. Дегенмен соңғы кезеңде А.В. Дыбо мен С.А. Старостиннің еңбектері бұл дәстүрлі көзқарасқа қарсы шығып, корей тілінің алтай тілдерімен туыстығын жақтайды [2, 1 б.]. Еуропа және корей тілтану ғылымында корей тілі Алтай тіл отбасының мүшесі болып, түркі тілдерімен туыстас деген ойға келісіп отыр. Корей тілтанушысы Ли Иксон Алтай тілдерін екі үлкен топқа бөледі: Пуё-Хандық ортақ тіл мен Түркі-моңғол-тұңғыс ортақ тілі, кейіннен бұл үлкен топтар өз ішінде бөлшектеніп кетті, ал қазіргі корей тілі Пуё-Хандық ортақ тілден дамыды деген көзқарасты ұстанады [3, 211-224 б.].

Шығу тегі бір болуы мүмкін екі тілдің ұқсастығын фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан қарастырып, бірнеше мысалдарды талдап көрейік. Біріншіден, қазақ тілі мен корей тілдерінің фонетикалық жүйелерінде бірқатар ұқсастық бар. Екі тілде де

(кейбір ережеге бағынбайтын ерекше жағдайларды қоспағанда: кірме сөздер, диалект сөздер) екпін сөздің соңғы буынына түседі. Көп ғалымдар корей тілінде екпін жоқ деген пікірді ұстанады. Дегенмен, корей тілінде әдеттегі екпіннің болмағанымен, буын жоғарлығының (тон) өзгерісімен сипатталатын музыкалық екпін түрі бар, және бұл екпін соңғы буынға түседі. Мысалы, 사람[сарам], 하늘[ханьль].

Сонымен қатар, екі тілде де дыбыс үндестігі (ассимиляция) байқалады. Оның ішінде ілгерінді ықпалға (прогрессивті ассимиляция) мысал келтіретін болсақ, қазақ тілінде алдыңғы буынның соңғы дыбысы дауысты, ұяң немесе үнді дауыссызға аяқталып, келесі буын Қ немесе К дыбыстарынан басталатын жағдайда Қ-Ғ және К-Г болып оқылады. Мысалы, Қара+көз – [Қара+гөз], Талды+қорған – [Талды+ғорған]. Корей тілінде де екі дауыстының арасында немесе үнді дауыссыздан кейін тұрған ㄱ (к) ұяң [г] болып оқылады (мысалы, 여기– [ёги] ([ёки ] емес), 감기– [камги] ([камки] емес)).

Кейінді ықпал (регрессивті ассимиляция) мысалдарын қарастыратын болсақ, біріншіден, қазақ тіліндегі сөздің түбірі К, Қ, П сияқты қатаң дауыссызға аяқталып, сөзге жалғанатын қосымша дауыстыға басталса, К, Қ, П сәйкесінше Г, Ғ, Б-ға өзгереді. Мысалы, жүрек+і – жүрегі, қасық+ы – қасығы, мектеп+ім – мектебім. Корей тілінде де ㄱ [к], ㅋ [п] қатаң дауыссызға аяқталатын сөз түбіріне дауыстыдан басталатын қосымша жалғанған кезде, қатаң дауыссыз ұяңға ауысады: 집– 집이([чжиц] – [чжиби]), 책– 책을([чжек] – [чжегыль]).

Екі тілге де ортақ кейінгі ықпалдың тағы бір мысалы – қазақ тілінде түбірі [п] дыбысына аяқталған етістікке -ып, -іп көсемше жұрнақтарын қосқанда, [п] [у]-ға өзгереді: тап+ып – тауып, кеп+іп – кеуіп, ал корей тіліндегі түбірі ㅍ [п] дыбысына аяқталған етістікке дауыстыдан басталатын қосымша қосылса, [п] – 우 [у]-ға ауысады: 춌다+어– 추워([чудта]+[о] – [чу/уо/], 춌다+([으])– 춌운([ш/уи/цта]+[(ы)н] – [ш/уи/ун]).

Корей тілінде ㄴ [н] дыбысынан кейін ㄱ [к]/[г] дыбыстары келсе, [н] – [ң] болып айтылады да, жазуда «н» болып қалады: 한국– [хангук] (хангук – [хангук]), бұл тоғыспалы ықпалдың мысалы. Қазақ тілінде де бұл құбылысты байқауға болады: [н] + [к], [к], [ғ], [г] – [ң] → [ң] (сәнқой – [сәнқой], тонға – [тонға], сеңген еді – [сеңген еді]).

Морфологиялық тұрғыда қазақ пен корей тілдері ұқсастықтарының бірі – негізгі сөз таптары - есім сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік) мен етістіктерден бөлек, еліктеу сөздерінің жеке сөз табы болуы. Екі тілде де еліктеу сөздер табиғатта кездесетін құбылыстар мен жан-жануарлардың дыбыс мүшелерінен шығатын дыбыстарға еліктеуден пайда болған еліктеуіш сөздер (의성어) мен табиғатта кездесетін құбылыстар мен заттардың және жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимылдарының көріністерінен пайда болатын бейнелеуіш сөздер (의태어) деп екіге бөлінеді. Мысалы: 문을 팡닫다– есікті тарс еткізіп жабу; 별들이 반짝반짝하다– Жұлдыздар дір-дір етеді.

Корей тілін орыс тілінде оқитын адамдар үшін түсінуге біршама қиындық тудыратын бөлім – септеулік жалғаулар. Септеулік жалғаулар — толық мағыналы сөздермен тіркесіп, әр түрлі грамматикалық қатынастарды білдіреді және сөзге бағыттық, мақсаттық, мезгілдік т.б. мағына береді. Септеулік жалғаулар (орыс. послелог) өзі тіркескен сөзден кейін келеді, орыс тілінің өзінде болса, бұл бөлшектер сөз алдына қосылатындықтан (орыс. предлог), жаңа сөз тәртібіне үйрену біраз уақытты қажет етеді. Дегенмен, корей тілі мен қазақ тілінде шылаулардың тіркесуі бірдей, сондықтан бұндай мәселе туындамайды (조국을 위해 일하다– ел үшін тер төгу, 수업 후– сабақтан соң, 친구와 같이– досыммен бірге, т.б.).

Алтай тілдік отбасына жататын көптеген тілдерге жұрнақтық (суффиксті) типтегі агглютинация, яғни тілдегі грамматикалық формалар мен туынды сөздердің түбірге грамматикалық және сөз тудырушы қосымшаларды жалғау арқылы құрылуы тән. Агглютинативті тілдерге тән қосымшалардың бір түрі – септік жалғаулары. Септік жалғаулары – есім сөздерді түрлендіріп, сөз бен сөздің арасын байланыстыру арқылы олардың сөйлемдегі синтаксистік рөлін анықтайтын грамматикалық категория. Қазақ тілі мен корей тілінде бір-біріне сәйкес келетін септік жалғауларының түрлері келесі кестеде

келтірілген:

	Қазақ тіліндегі септік жалғаулары	Қазақ тіліндегі септік жалғауларына сәйкес корей жалғаулары
Атау	-	-은/는, -께서는
Ілік	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің	-의
Барыс	-ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е	-(으)로, -에게, -한테, -께
Табыс	-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні, -н	-을/를
Жатыс	-да, -де, -та, -те, -нда, -нде	-에, -에서
Шығыс	-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен	-에서, -에게서, -한테서, -(으)로부터
Көмектес	-мен, -бен, -пен	-와/과, -하고, -(이)랑

Қазақ тіліндегі жалғаулар буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне байланысты жалғанса, корей тілінде буынның ашық я бітеу болуы мен сөйлеуші жақтың тыңдаушы жаққа білдіретін құрметінің дәрежесіне байланысты жалғанады.

Септік жалғауларға қатысты тағы бір сәйкестік – ауызекі стильде көп жағдайда ілік септік пен табыс септіктің жалғауларының жасырын қолданылу құбылысы:

- Мектеп маңы (мектептің маңы), жасырын ілік септік;
- 아셀가방 (아셀의가방, Әселдің сөмкесі), жасырын ілік септік;
- Үй жинау (үйді жинау), жасырын табыс септік;
- 김밥먹다 (김밥을먹다, кимбап(ты) жеу), жасырын табыс септік.

Белгілі бір жалғаулар мен сөздердің тіркесуі арқылы жасалатын ерекше грамматикалық құрылымдар туралы да айтып кету жөн. Қазақ тілі мен корей тілдерінде бірдей жалғаулар мен сөздердің үйлесімінен туған кейбір тіркестерді басқа тілге аударып, түсіндіру қиын. Олардың ішінде -아/어/여주다 мен -아/어/여놓다 сияқты тіркестерді мысал ретінде алуға болады.

Орыс тілінде құрастырылған оқулықта -아/어/여주다 конструкциясына «етістіктің түбіріне жалғанып, сыпайы түрдегі өтінішті білдіреді» деген анықтама берілген [4, 99 б.]. Егер -아/어/여주다-ның әр бөлшегін бөлек талдайтын болсақ, -아/어/여— -ып, -іп, -п көсемше жұрнақтарына сәйкес келіп, 주다 сөзі қазақ тіліне «беру» деп аударылады. Сонда бұл тіркес «істеп беру, жасап беру» деген мағынаға ие. Мысалы: 칠판에 써주세요 – Тақтаға жазып беріңізші. 말해줘요 – Айтып берші. Одан бөлек, -아/어/여주다 тек өтініш білдіру үшін ғана емес, ұсыныс немесе ынта білдіру үшін де қолданылады. Мысалы, 사진 찍어줄까요? – Суретке түсіріп берейін бе?

Тағы да орыс тілді оқу құралын алып қарасақ, -아/어/여놓다 конструкциясына келесідей анықтама берілген: «етістіктің түбіріне жалғанып, аяқталған іс-әрекеттің нәтижесі немесе сол іс-әрекеттің аяқталғаннан соң көпке дейін сақталған күйін сипаттайды» [5, 164 б.]. -아/어/여놓다 құрылымын талдасақ, -아/어/여— -ып, -іп, -п көсемше жұрнақтарына сәйкес, 놓다 – «қою» дегенді білдіреді де, «істеп қою, жасап қою» деген мағынаға ие екені көрінеді. Мысалы: 방을 청소해놓았어요. – Бөлмені жинап қойдым. 창문을 열어놓으세요. – Терезені ашып қойыңызшы. Ағылшын тіліне бұл сөйлем «Терезені ашып қойыңызшы (және оны ашық күйде қалдырыңызшы)» деп аударылып, жақша ішінде келтірілген қосымша түсіндіруді қажет етіп тұр [6]. Қазақ тілінде бұл тіркестің құрылымы корей тіліндегі құрылыммен бірдей болғандықтан, қазақ тілінде оқитын адамға осындай қосымша түсіндірулердің қажеті жоқ.

Алтай тілдерінің сөйлем құрылысы SOV үлгісіне (бастауыш-толықтауыш-баяндауыш) сәйкес. Қазақ тілінде де, корей тілінде де сөйлем құрылысы бірдей: сөйлем басында бастауыш келіп, баяндауышпен аяқталады, анықтауыш анықтайтын сөзінің алдында, ал толықтауыш пен пысықтауыш өздері қатысты сөздерден бұрын тұрады. Бұл орын тәртібіндегі ұқсастық тек сөйлем мүшелеріне ғана емес, тіпті қосымшалар тізілісіне де тән. Сондықтан, корей-қазақ және қазақ-корей аударма ісі сөзбе-сөз жүретіндіктен, орыс-корей/корей-орыс аудармасымен салыстырғанда әлдеқайда жеңіл әрі ыңғайлы.

Дегенмен, негізгі оқу барысы орысша өтіп жатқандықтан, қазіргі таңда кәсіпқой қазақ-корей тіл мамандары салыстырмалы түрде көп емес. Оған қоса, қазақ тілінде білім беретін орталықтардың жетіспеушілігінен көптеген қабілетті қазақ тілінде сөйлеушілер корей тілі, тарихы мен мәдениеті жайлы толық сапалы білімге қол жеткізе алмайды. Жоғарыда келтірілген мысалдар – барлық ұқсастықтардың тек кішігірім бөлігі ғана, осындай екі тілдің көптеген ұқсастықтарын есепке ала отырып, қазақ тілді әдістеме жасап құрастырылған жағдайда, қазақ-корей және, керісінше, корей-қазақ аударма теориясы мен практикасы жаңа деңгейге шығып, қарқынды түрде дамып жатқан Қазақстан мен Корея арасындағы қарым-қатынастардың одан әрі нығаюына өз үлесін тигізетін болашақ мамандар саны мен сапасының өсетіні сөзсіз.

#### **Қолданылған әдебиет тізімі**

1. Языкознание. Большой энциклопедический словарь/ гл. ред. В.Н. Ярцева. – 2-басылым. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – 685 с.
2. Аникина В.В. Место корейского языка в генеалогической классификации языков: Европейский, восточный подходы // Вестник Иркутского государственного лингвистического университета. Cyberleninka, 2012. <https://cyberleninka.ru/article/n/mesto-koreyskogo-yazyka-v-genealogicheskoy-klassifikatsii-yazykov-evropeyskiy-vostochnyy-podhody>
3. 이익섭. 국어학개설/서울, 學研社, 2000. – 462 페이지.
4. КОРЕЙСКИЙ ЯЗЫК. Для казахстанцев. Уровень 2. 카자흐스탄인을 위한 한국어 2권/рук. Авторского коллектива Hwang I. – 2-изд. – М.: Seoul, Международный фонд Кореи (Korean Studies Department, Korea Foundation), 2013. – 360 с.
5. КОРЕЙСКИЙ ЯЗЫК. Для казахстанцев. Уровень 4. 카자흐스탄인을 위한 한국어 4권/рук. Авторского коллектива Hwang I. – 2-изд. – М.: Seoul, Международный фонд Кореи (Korean Studies Department, Korea Foundation), 2013. – 331 с.
6. Koreanwikiproject, «아/어 놓다»koreanwikiproject.com, 2011, [http://koreanwikiproject.com/wiki/index.php?title=%EC%95%84/%EC%96%B4\\_%EB%86%93%EB%8B%A4&redirect=no](http://koreanwikiproject.com/wiki/index.php?title=%EC%95%84/%EC%96%B4_%EB%86%93%EB%8B%A4&redirect=no)

УДК 304.42

### **ПЕРИОДИЗАЦИЯ КУЛЬТУРНОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КОРЕЯ**

**Исмаилова Сауле Жусипбековна**

sauka777@yandex.ru

PhD докторант кафедры Дальнего Востока факультета востоковедения КазНУ

им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Научный руководитель - к.полит.н., и.о. доцента кафедры Дальнего Востока

КазНУ им. аль-Фараби - Чан Бенг Сун

Для структурирования процесса развития и истории культурной политики Республики Корея следует выделить периоды, которые помогут в последующем более четко представить этапы развития культурной политики. Целью данной статьи является проведение периодизации культурной политики Республики Корея для более глубокого изучения